

1. Педагогикалық әдеп отырысы хаттамасы

2. Тақырыбы: Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары

3. Хаттама №1

Откізу күні: 2025 ж. 15 қыркүйек, сағ. 10:00

Өткізілген орны: №3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы, Қызгалдақ тобы

Қатысқандар:

Айгүл Сансызбаевна – меңгеруші

Индира Харуновна – әдіскер

Гулнор Мералиевна – психолог

Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.

Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.

Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

1-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Айсина А.С

Мазмұны:

Меңгеруші педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әрбір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

2-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Кожмагамбетова И.Х

Мазмұны:

Әдіскер педагогикалық әдептің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтары мен сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

3-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Ешимова Г.М

Мазмұны:

Психолог педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. Әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян келтіріп, балалардың сеніміне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.

4-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Куванышова О.С

Мазмұны:

Барлық қызметкерлердің педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Әр педагог өз әрекеті үшін жауапты екенін түсінуі қажет. Тәртіпті сақтау және бір-бірімен өзара сыйластық қарым-қатынасты нығайту басты міндеттердің бірі.

Шешімдер:

Барлық педагогтар мен қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.

Қызметкерлер арасында этикалық нормаларды түсіндіру бойынша тұрақты түрде семинарлар өткізу.

Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту үшін педагогикалық әдебіне арналған тренинг ұйымдастыру.

Әдеп нормаларын сақтау бойынша бақылау және талдау жұмыстарын жүргізу.

Отырыс қорытындысы:

Меңгеруші Айсина А. педагогикалық әдеп ережелерінің маңыздылығын атап өтіп, қабылданған шешімдерді іске асыру үшін барлық қызметкерлердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет екенін айтты.

Шешімдер:

Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.

Тәрбиешілер арасында өзара құрмет пен әдептілік мәдениетін нығайту шараларын енгізу.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ай сайын бақылау жүргізу.

Хаттама әзірледі:

Нұрлыбай А.

Хаттамаға қол қойды:

Меңгеруші:

Қатысушылар:

